

КАЗАХСТАН РАССМАТРИВАЕТ ТРАНСПОРТНУЮ СВЯЗАННОСТЬ КАК ДРАЙВЕР ЭКОНОМИЧЕСКОГО РОСТА И РЕГИОНАЛЬНОЙ ИНТЕГРАЦИИ. ЗА ПОСЛЕДНИЕ ГОДЫ АКТИВНО РЕАЛИЗУЮТСЯ ИНФРАСТРУКТУРНЫЕ ПРОЕКТЫ, НАПРАВЛЕННЫЕ НА РАЗВИТИЕ ТРАНЗИТНОГО ПОТЕНЦИАЛА СТРАНЫ. ОСОБОЕ ВНИМАНИЕ УДЕЛЯЕТСЯ ПОВЫШЕНИЮ ЭФФЕКТИВНОСТИ МОРСКИХ ПЕРЕВОЗОК ПО КАСПИЮ. ПЛАНИРУЕТСЯ ВНЕДРЕНИЕ НОВОЙ ПАРОМНОЙ СИСТЕМЫ С БОЛЬШЕЙ ГРУЗОПОДЪЕМНОСТЬЮ, ЧТО ПОЗВОЛИТ СОКРАТИТЬ ВРЕМЯ ОБРАБОТКИ ГРУЗОВ В ПОРТАХ.

Нурлан САУРАНБАЕВ,
министр транспорта РК



№92 (3131)
04/11/2025

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КӨЛІК-ЛОГИСТИКАЛЫҚ БАСЫЛЫМ
1931 ЖЫЛДЫҢ 12 МАМЫРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ

ҮШ ЖАҚТЫ МЕМОРАНДУМҒА ҚОЛ ҚОЙЫЛДЫ

«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ-да Мемлекет басшысы жариялаған Жұмысшы мамандықтары жылы аясында «Отбасы банк» АҚ және «Нысандарды салу жөніндегі компания» корпоративтік қорының қатысуымен теміржолшылар үшін «Қолжетімді баспана» пилоттық жобасын іске асыру жөніндегі меморандумға қол қойылды.

Ислам ТАЛҒАТ,
Астана

Құжатқа «ҚТЖ» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Талғат Алдыбергенов, «Отбасы банкі» АҚ басқарма төрайымы Ләззат Ибрагимова және «Нысандарды салу жөніндегі компания» корпоративтік қорының бас директоры Сапар Нұрашев қол қойды.

– Бүгін бізде маңызды миссия, «Қолжетімді баспана» пилоттық жобасын жүзеге асыру туралы меморандумға қол қойып жатырмыз. Бұл жоба теміржолшыларды жеңілдіктер жағдайында заманауи және қолжетімді баспанамен қамтамасыз етуге бағытталып отыр. Және ол теміржолшылардың әл-ауқаты мен әлеуметтік жағдайын жақсарту жөніндегі Компанияның жүйелі жұмыстарының жалғасы болып табылады. Бұл бастаманы іске асыру біздің серіктестеріміз «Отбасы банк» пен «Нысандарды салу жөніндегі компания» корпоративтік қорының арқасында мүмкін болып отыр. Жоба Қазақстанның барлық өңіріндегі теміржол саласы еңбеккерлерін



тұрғын үймен қамтамасыз етудің ауқымды бағдарламасына алғашқы қадам деген ойдамыз. Осы ретте, серіктестерімізге қолдау көрсетіп, бірлесіп жұмыс істеуге ниет білдіргендері үшін үлкен алғыс айтамын. Бұл жоба адамдардың өмірін жақсарту жолындағы мемлекет, қаржы институттары және ұлттық компанияның

тиімді өзара әрекет етуінің үлгісі болатынына сенімдімін, – деді «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Талғат Алдыбергенов.

Өз кезегінде ұлттық компания серіктестерінің жетекшілері де өз сөздерінде «Қолжетімді баспана» пилоттық жобасы еліміздегі ірі жұмыс беруші компания еңбеккерлерінің

тұрмыстық жағдайы мен әл-ауқатын жақсартуға үлкен септігін тигізерін атап өтті. Шынында, бұл жоба компанияның әлеуметтік саясатқа қосқан маңызды үлесі болуымен қатар кадрлардың кәсіби өсуіне қолдау болмақ.

Суретті түсірген
Александр ЖАБЧУК

ЗЕРНО ИДЕТ ПО РЕЛЬСАМ



Перевозки зерна по железной дороге в октябре выросли на 26%, по сравнению с прошлым годом. Основной рост обеспечили экспортные поставки в страны Центральной Азии, российские порты и Прибалтику.

В октябре текущего года по сети АО «НК «Қазақстан темір жолы» перевезено 1 миллион 539 тысяч тонн зерна, что на 26% больше, чем за аналогичный период прошлого года.

Внутренние перевозки выросли на 38% и составили 356 тысяч тонн. Экспортные поставки увеличились на 23%, достигнув 1 миллиона 200 тысяч тонн. Наибольший рост отмечен в направлении Центральной Азии – более 760 тысяч тонн (+25%). В два раза увеличены объемы поставок в российские порты и Прибалтику, а экспорт в Афганистан вырос на 63%.

За два месяца – сентябрь и октябрь – железнодорожным транспортом перевезено 2,8 миллиона тонн зерна, что на 27% больше, чем годом ранее.

Внутренние перевозки увеличились на 52%, а экспортные преувеличили 2,2 миллиона тонн (+21%).

По итогам десяти месяцев 2025 года общий объем перевозок зерна составил 11,2 миллиона тонн, что на 38% превышает показатели прошлого года. Из них 8,45 миллиона тонн направлено на экспорт (+39%), внутренние перевозки увеличились на 34%.

АО «НК «ҚТЖ» располагает достаточным количеством вагонов и локомотивов для обеспечения бесперебойных перевозок социально значимого груза.

Оперативную координацию транспортировки осуществляет специальный штаб ҚТЖ совместно с экспортерами, владельцами вагонов, представителями государственных органов и отраслевых ассоциаций. В зернопроизводящих регионах работают мобильные группы, обеспечивающие своевременное решение возникающих вопросов.

АО «НК «ҚТЖ» продолжает стабильно обеспечивать перевозку сельскохозяйственной продукции, содействуя развитию экспортного потенциала Казахстана и бесперебойному обеспечению внутреннего рынка. Компания отмечает готовность к перевозке всех заявленных объемов зерна в предстоящие месяцы.

Айлин БАУРЖАН

80 МЫҢ ВАГОН ТАСЫМАЛҒА ЖЕГІЛГЕН



Биылғы жылдың қыркүйек айы еліміздегі жүк вагон паркінің ең ірі операторы «Қазтеміртранс» АҚ үшін табысқа толы болды. Осы атап алынған компанияның 80 мыңнан астам ашық және жабық вагонымен жүк тасымалданған.

Мәселен, республика ішіне және экспортқа барлығы тас көмір тиелген 49 мың ашық вагон жөнелтілген. Соның ішінде 5,1 мыңнан астам көмір тиелген вагон экспортталған. Сонымен қатар темір және мырыш кені 6 мыңнан астам вагонға, түсті руда мен күкірт шикізаты 4,7 мың вагонға, құрылыс жүктері 11 700-ден астам вагонға және 1000 астам вагонға импорттық жүктер тиелген. Ал ел ішіне және сыртқа жабық вагондарда келесі жүк түрлері тиелген: 1,1 мыңнан астам вагонға тартылған ұн, 300 жуық вагонға құрамажем, 168-іне түсті металдар мен олардан жасалған бұйымдар, 1000 астам вагонға құрылыс жүктері, 1,1 мыңнан астам вагонға импорттық жүктер тиеліп, жөнелтілген.

«Қазтеміртранс» АҚ вагондарымен тасымалданатын жүктердің басым бөлігін сусымалы, яғни көмір, шағыл тас, кен сияқты жүктер құрайды. Сонымен қатар ыдысты-данааланған жүктер, астық, құрылыс жүктері, тағы басқа тауарлар да тасымалданады. Компания перспективалы даму бағыттарына айрықша ден қойып отыр. Олардың қатарында жүк тасымалдаушы жылжымалы құрамдар паркін жаңалау, корпоративті басқару жүйелерін жетілдіру, сондай-ақ қызметтер сапасын мен әлемдік стандарттар үлгісіне сәйкес келу сияқты басты бағыттар бар.

Нұрбек БЕКЕН

Форум

ВЕКТОР РАЗВИТИЯ ЗАДАЕТ МОЛОДЕЖЬ

Современные мультимодальные перевозки в условиях глобальных изменений обсудили участники XII Молодежного форума транспортников Kazlogistics.

Любовь РОВБА,
Астана

Традиционно мероприятие объединяет в Алматы будущих специалистов транспортной отрасли, преподавателей и экспертов. Вот уже 12-й год инициатором и идейным вдохновителем форума является Союз транспортников Казахстана Kazlogistics.

Его основная цель – вовлечение студентов в процесс формирования и ознакомления с достижениями транспортно-логистической отрасли, а также оценка уровня знаний, умений и навыков.

В этом году в форуме приняли участие



представители 11 вузов Казахстана.

Форум содействует развитию интеллектуальных навыков у молодых людей, активизирует вовлечение студентов в исследовательскую деятельность, позволяет обменяться опытом и успешно продемонстрировать свои инновационные разработки в решении проблемных вопросов

В рамках молодежного форума прошли конкурсы, блиц-опросы, выступления и беседы с ведущими экспертами отрасли. Победителями и по количеству набран-

ных баллов стали представители АО «АЛТ университет имени М. Тынышпаева», на втором месте – университет «Туран», третье – у Академии гражданской авиации.

Кроме того, на полях форума прошла уже ставшая традиционной III Спартакиада Kazlogistics. Первое общекомандное место заняла сборная команда Satbayev university, серебро – у Академии гражданской авиации, бронзу завоевали студенты АЛТ университета имени М. Тынышпаева.

Фото автора

«QORGAU» – КҮЗЕТ ҚЫЗМЕТІНДЕГІ БІРЕГЕЙ ЖОБА



ЦИФРАНДЫРУ

Бұл жолы дәстүрлі медиа-кездесу «Әскерилендірілген теміржол күзеті» ЖШС бас директоры Нұржан Әлкеевпен «BuraBay Express» электропойызында сұхбат-саяхат форматында өтті. Мекеме басшысы әңгімесін Әскерилендірілген теміржол күзетінің қысқаша тарихынан бастап, бүгінгі тыныс-тірлігі, уақыт талабына үн қосуы жолындағы заманауи цифрлық жүйелерге көшуі туралы баяндап берді.

Сұлугүл БАКЕСОВА,
Астана

«ӘТЖК» ЖШС Ішкі істер министрлігімен, Төтенше жағдайлар министрлігімен және басқа да күш құрылымдарымен тығыз жұмыс істейді. Қоғамдық және терроризмге қарсы қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қатысып, төтенше жағдайлар кезінде көмек көрсетеді. Сондай-ақ Ресей, Белоруссия мен Қытай қауіпсіздік ұйымдарымен ынтымақтастық орнатқан.

«Қазіргі таңда ӘТЖК теміржол станциялары мен терминалдарды, көпірлер және әкімшілік ғимараттарды қызетумен қатар жүктерді ел ішіндегі және халықаралық бағыттарда, соның ішінде Қытай – Еуропа транзиттік дәлізі арқылы да ілесіп күзетпен қамтамасыз етеді. Қазіргі заман ағымы қауіпсіздік жүйесіне жаңа көзқарас қажет екенін көрсетіп отыр. Сондықтан біз ендігі жерде күзеттің дәстүрлі моделінен күзеттің гибриді моделіне көшеміз, бұл дегеніміз, адамның кәсібилігі мен заманауи цифрлық технологиялардың мүмкіндіктері біріктіріледі.

Цифрландыру, заңнаманы жетілдіру, артық қағазбастылықты азайту және қызметкерлердің біліктілігін арттырудың мақсаты – адамды ауыстыру емес, оны технологиямен күшейтетін заманауи қауіпсіздік экожүйесін қалыптастыру», – дейді Нұржан Төлетайұлы.

Айтуынша, осы мақсатта Шұғыл басқару орталығы құрылып жатыр. Бұл орталық Әскерилендірілген теміржол күзетінің барлық филиалы мен посттарын бірыңғай акпараттық кеңістікке біріктіреді. Соның арқасында пойыз қозғалысын, жоспарланған жұмыстарды және тәуекелдері көп аймақтарды нақты уақыт режимінде бақылап, қажет кезде күзетті күшейту мүмкіндігі арта түспек.

Бұрын теміржол күзетінің қызметкерлері шектеулі акпаратпен жұмыс істеп, пойыздардың саны мен бағыты туралы нақты деректер болмағандықтан, шешімдерді факт бойынша қабылдайтын. Енді Шұғыл басқару орталығының арқасында «соқыр» әрекеттен алдын ала болжауға көше алады. Яғни қауіп туғанда емес, одан бұрын әрекет ету – ресурстарды дұрыс бөлу, жоспарлау және

қауіпсіздікті барлық деңгейде қамтамасыз ету мүмкіндігі бар. Осылайша, теміржол күзеті тасымалдау процесін қауіпсіз ұйымдастыру, оны тек интуицияға емес, нақты деректерге сүйене отырып жүргізеді.

«Осы тәсілді дамыта отырып, күзет моделінің болашақ жүрегі болатын «QORGAU» жүйесін жасап жатырмыз. Жүйені теміржол саласында бірнеше цифрлық жобаларды сәтті жүзеге асырып, жақсы нәтижелер көрсеткен қазақстандық жас мамандар әзірлеуде. «QORGAU» жүйесі темір жолдағы жүктердің сақталуын автоматты түрде бақылауға, маршруттарды, дабыл сигналдарын және бекеттердің жағдайын нақты уақыт режимінде қадағалауға арналған. 16 операцияны оңтайландыру пойызды тексеру уақытын 37%-ға қысқартып, қағаз құжаттары мен мұрағаттарды қажетсіз етеді. Қызметкерлерге деректерді қолмен жазудың қажеті болмайды: маршруттар, пойыздар және тексеру нәтижелері автоматты түрде жүйеге тіркеледі», – деп жаңа жүйенің ерекшелігімен бөлісті спикер.

(Жалғасы 2-бетте)

КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕР САПАСЫН АРТТЫРУ МАҚСАТЫНДА ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯ 2023-2029 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ТЕМІРЖОЛ ЖЕЛІСІ НЫСАНДАРЫН ДАМУЫ БАҒДАРЛАМАСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДА. БҮЛ БАҒДАРЛАМА ІРІ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЖОБАЛАРДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЕСЕБІМЕН СТАНЦИЯЛАРДЫҢ ӨТКІЗУ ҚАБІЛЕТІН АРТТЫРУҒА, ЖЕЛІДЕГІ «ТАР ОРЫНДАРДЫ» ЖОЮҒА, ЖҰМЫСШЫЛАРДЫҢ ЕҢБЕГІН ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ПОЙИЗДАР ҚОЗҒАЛЫСЫ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ БАҒЫТТАЛЫП ОТЫР

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ:

2029 ЖЫЛҒА ДЕЙІН
ЕЛІМІЗДЕ

11 мың

ШАҚЫРЫМ ТЕМІРЖОЛ
ЖЕЛІСІ ЖАҢАРТЫЛАДЫ
ДЕП КҮТІЛУДЕ.

«ЛОКОМОТИВ ҚҰРАСТЫРУ
ЗАУЫТЫ» АҚ ІСКЕ
ҚОСЫЛҒАН 2009 ЖЫЛДАН
БЕРІ БҮГІНГЕ ДЕЙІН

675

БІРЛІК ЛОКОМОТИВ
ШЫҒАРҒАН.

ҚТЖ-НЫҢ КОНСТРУКТОР-
ЛЫҚ-ЭКСПЕРИМЕНТТІК
ОРТАЛЫҒЫ ЖЫЛ САЙЫН
ӨНДІРІС КӨЛЕМІН

10-15%

АРТТЫРЫП ОТЫР.

№92 (3131) 04/11/2025

КӨМІР ҚОРЫ
ЖЕТКІЛІКТІСабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Қызылорда

АЙМАҚ

Қызылорда өңірі тұрғындарын, коммуналдық ұйымдарды биылғы жылыту маусымында 139,3 мың тонна көмірмен қамтамасыз ету жоспарланған. Қазіргі таңда оның 56,1 мың тоннасы, яғни жоспардың 40 пайыздан астамы отын базаларына жеткізілген.



Биылғы 2025-2026 жылғы жылыту маусымында Қызылорда бөлімшесі ұжымы халық пен коммуналдық ұйымдарды көмірмен үздіксіз қамтамасыз ету мақсатында жүйелі әрі жауапты жұмыс атқарып келеді. Қызылорда ЖТ бөлімшесі директорының логистика жөніндегі орынбасары Мейрамбек Шолтабаевтың айтуынша, аймақ бойынша көмірмен қамту ісі жоспарлы әрі тұрақты жүргізілуде. Мониторингтік топтар күн сайын өңірдің түрлі станцияларына барып, көмірдің түсірілуі мен тасымал барысын бақылауда ұстауда. Оған тек теміржол қызметкерлері ғана емес, жергілікті тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімдерінің өкілдері де қатысуда.

– Көмір тұйықтарға таратылып, түсіру кесте бойынша жүруде, кезек те, дүрлікпе де байқалмайды. Қоймаларда бүгінде 14 мың тоннадан астам қор бар, тағы 22 вагонмен 1518 тонна көмір келе жатыр. Биылғы көмір «Шұбаркөл Көмір», «Жалын Көмір», «Горнорудная Комп», «Майкүбен Бест», «ВостокГольПром» және «Княхты Көмір» мекемелерінің кен орындарынан жеткізілуде, – дейді ол.

Бүгінге дейін Сексеуіл станциясына – 966 тонна, Арал теңізі станциясына – 2070 тонна, Қазалы станциясына – 65 вагон, Жосалыға – 4692 тонна, Шиеліге – 9384 тонна, Жаңақорғанға 8142 тонна көмір жеткізіліп, түсірілген. Қазіргі таңда аталған көмір базаларында осыншама көмір қоры тұтынушыларға кезексіз таратылуда екен.

– Қызылорда қаласы мен Белкөл станциясы облыстың негізгі тарату торабына айналған. Белкөлге биылдың өзінде 202 вагон (13 948 тонна) көмір жеткізілген, оның 9660 тоннасы қоймада тұр. Бұл – облыс халқының қажеттілігін толық өтеуге жететін қор, – дейді Мейрамбек Шолтабаев.

Қызылорда қаласының жылу электр орталығы газ және мазутпен жұмыс істегенімен, өңірдің басқа бөліктерінде көмірдің маңызы әлі де зор.

Бүгінде облыс бойынша көмірмен қамту деңгейі тұрақты. Халық арасында дүрлікпе жоқ, кезек те азайған. Қоймаларда 14 мың тоннадан астам қор бар.

Суретті түсірген автор

«QORGAU» – КҮЗЕТ ҚЫЗМЕТІНДЕГІ БІРЕГЕЙ ЖОБА

(Соңы. Басы 1-бетте)

Білгеніміздей, ӘТЖК қызметкерлеріне арналған арнайы мобильді қосымша да жасалуда екен. Ол маршруттық және бағыт парақтарын құрастырып, пойыздардың келуі мен кетуін тіркеп, күзет процесін бақыламақ және де әскерилендірілген теміржол күзетінің Шұғыл басқару орталығымен біріктіріледі. Болашақта бұл жүйе диспетчерлік қызмет, еңбекақы есептеу және Help-Desk қолдау қызметін де атқарып, күзет процесін толық цифрландырмақ. Осылайша, бұл жобаның жүзеге асырылуы орталықтандырылған басқаруға, нақты талдау мен болжам сапасын арттыруға, сондай-ақ адамды факторларды азайтуға мүмкіндік береді.

Нұржан Әлкеев, цифрландыру бағытындағы алдағы күн жоспарларымен де бөлісті. Соның бірі, 2026 жылға межеленіп отырған әуеден бақылау, яғни әуе патрулін енгізіп, жеке күзетті ұшықшысыз ұшу аппараттарымен (дрондармен) толықтыру екен. Олар ұзын теміржол учаскелерін бақылауға, рұқсатсыз кіруді тіркеуге және ықтимал қауіптерді тез анықтауға мүмкіндік береді. Дрондар жасанды интеллект модульдерімен жабдықталатындықтан, адам жүзін, объектілер мен қозғалысты тану сипатына ие болмақ. Бұл бақылаудың дәлдігін арттырып, қызметкерлердің жүктемесін азайтып, негізгі шұғыл тапсырмаларға көңіл бөлу мүмкінді-



гін күшейтпек. Сонымен қатар 2026 жылы цифрлық қауіпсіздік экожүйесінің негізгі элементтерінің бірі – GPS-пломбаларды енгізу де жоспарланған. Олар пойыздардың орнын нақты уақыт режимінде қадағалап, контейнердің ашылғанын, қозғалысын немесе ұзақ тоқтағанын тіркейді. Егер контейнер рұқсатсыз ашылса, пломба үзіліп қалса немесе маршруттан ауытқитын болса, құрылғы автоматты түрде сигналды «QORGAU» жүйесіне және Шұғыл басқару орталығына жібереді, бұл шұғыл әрекет ететін оңтайлы топтардың дереу хабардар болып, шұғыл әрекет етуіне мүмкіндік береді.

Болашақта интеллектуалды аналитикасы бар бейнебақылау жүйелері мен цифрлық видео-жетондар енгізу де ӘТЖК мамандарының ілкімді жобаларының бірі. Бұл құрылғылар үздіксіз бейне мен аудио жазып, ішкі жадыда сақтайды және кейін талдауға мүмкін-

дік береді. Видео-жетондар қызметкердің әрекетін бақылауға, төтенше жағдайларда оқиғаның толық көрінісін қалпына келтіруге және қызметтік тексерулерде дәлел базасын жасауға көмектеседі екен. Сайып келгенде, мұның бәрі біртұтас ақпараттық кеңістікті қалыптастырып, процестердің ашықтығын, шұғыл әрекетті және тасымалдаудың барлық кезеңінде жоғары деңгейдегі бақылауды қамтамасыз етуге септігін тигізеді.

«Әскерилендірілген теміржол күзеті – бұл жай күзет ұйымы емес. Бұл – темір жолдың қалқаны, «ҚТЖ» жүйесінің тірегі және еліміздің ұлттық қауіпсіздігінің ажырамас бөлігі. Біз ашық, адал әрі заманауи ұйым құрып жатырмыз. Мұнда әр қызметкер өзінің орны мен маңызды екенін сезініп, адал еңбек пен кәсібилік бағаланатын болады», – деп түйіндеді сөзін «ӘТЖК» ЖШС басшысы.

Суреттерді түсірген Александр ЖАБЧУК

ЖҰМЫС САПАСЫН АРТТЫРУДЫ ҰСЫНАДЫ



СТАНЦИЯ ТЫНЫСЫ

Нұрлыбек ДОСЫБАЙ,
Шымкент

Станция бастығы Баянды Раманқұлов бұл саладағы еңбек жолын ширек ғасыр бұрын дәл осы Қызылсайда пойыз құрастырушы болып бастаған. Кейін пойыз қабылдап-тапсырушы, станция кезекшісі қызметтерін атқарып, мол тәжірибе жинаған. 2011 жылы станция екінші класты дәрежеге ие болғаннан кейін басшылық жауапкершілігі де артқан.

– Біз станцияның қызмет сапасын арттыру мақсатында бірқатар ұсыныстар әзірледік. Атап айтқанда, қосымша пойыз құрастырушы штатын ашу және станция паркінде тағы бір жолды іске қосу. Бұл бастама жұмыс қарқынын жеңілдетіп, тиімділікті арттырады, – дейді Баянды Раманқұлов.

Бүгінде 1-класты станция санатына енген Қызылсайда 41 адам қызмет етеді. Жалпы, теміржол саласында кластық көрсеткіш 1 мен 5 аралығында және кластан тыс дәрежелерге бөлінетінін ескерсек, Қызылсайдың қазіргі мәртебесі оның әлеуетін айқын көрсетеді. Станция аумағындағы 44 кіреберіс жолда күн сайын шамамен 70 вагон жүк тиеліп, 150-170 вагон босатылады. Осы қозғалысты



реттеу мен қауіпсіздікті қамтамасыз етуде қызылсайлық теміржолшылардың үлесі зор.

Дегенмен, іргелес орналасқан Қазығұрт станциясының жүк өңдеу және жөнелту мүмкіндігі жоғары болғандықтан, жылжымалы құрамдардың едәуір бөлігі сол бағытқа өтеді. Бұл процесс Қызылсайдың бас жолы мен 4 және 6 жолдары арқылы жүзеге асады. Сондықтан қызылсайлық теміржолшылар бұл бағыттарды жиі босатып отыруға мәжбүр.

– Егер бас жолдың солтүстік мойындығына екі бағыттағыш бұрма орнатылса, станция паркінің өткізу қабілеті артып, вагон өңдеу өнімділігі жоғарылайды. Бұрын мұндай құрылғылар болған, бірақ тоқырау жылдары қолданыстан шығып қалған. Қазір тасымал көлемі өсіп отыр, сондықтан инфрақұрылымды жаңарту – уақыт талабы, – дейді станция бастығы. Баянды Раманқұловтың бастамасын


«Жүк тасымалы» ЖШС Шымкент филиалының бастығы Нұрдәулет Тасбалтаұлы да қолдап отыр.

– Станция паркіндегі жолдар мен өткізу тетіктерін жан-жақты зерделей отырып, тиімді пайдалану амалдары көптен бері қарастырылып келеді. Жоғары басшылықпен кеңесе келе оң шешім қабылданды. Жоспардың орындалуы жеке бақылауымда. Қызылсай станциясы алдағы уақытта бұдан да табысты жұмыс істейтініне сенімдімін, – дейді ол.

Қызылсай станциясы өндіріс ошақтары мен тұрғын аймақтың түйіскен тұсында орналасқандықтан қауіпсіздік мәселесі күн тәртібінен түскен емес. Қаладан Сайрам бағытына шығатын Жібек жолы даңғылының бойында кәсіпорындар тізбегі созылып жатыр. Ал теміржол паркінің арғы жағында 5 мыңнан астам тұрғыны бар елді мекен орналасқан. Тұрғындардың бір бөлігі станция аумағындағы қызметтік өткел арқылы өтеді. Бұл – қарапайым адамдар үшін қауіпті аймақ. Осыған байланысты жауап жүргіншілерге арналған аспалы көпір салу туралы ұсыныс тиісті мекемелерге жолданып, жоспарға енгізілді. Ал қауіпсіздік мақсатында әзірге жерасты өткелі іске қосылып, жарық шамдар орнатылды. Бұл тұрғындардың қауіпсіздігіне бағытталған игі бастамалардың біріне айналды.

Суретті түсірген автор

КҮЗГІ БАЙҚАУ НЕНІ БАЙҚАТТЫ?



ҚОРЫТЫНДЫ

Қосұым МҰҚАШЕВ,
Атырау

Оның ішінде локомотив шаруашылығы бойынша – 61, вагон шаруашылығы бойынша – 87, еңбек қорғау бойынша – 17, өрт қауіпсіздігі бойынша – 60, т.б. бағыттар бойынша да кемшіліктер бар. Станциялар, вагон, локомотив деполарының басшылары тарапынан қозғалыс қауіпсіздігін сақтау бойынша лауазымдық міндеттер жеткілікті деңгейде атқарылмайды. Қызметкерлердің білім деңгейі, стандартты емес жағдайлардағы іс-әрекетке тәйяны дегейі төмен. Басшылық тарапынан техникалық оқытуға мардымды көңіл бөлінбейді, нормативті-техникалық құжаттамалар дұрыс жүргізілмейді, т.т. кемшіліктер сөз болды.

Бас ревизор Жәнібек Көбевтің баяндауынша, кейбір станцияларда айлық комиссиялық тексеру үлкен кемшіліктермен және атүсті жүргізіледі. Ауысым жұмысшыларының іс-әрекеті бақыланбайды, лауазымдық нұсқаулар, станцияның технологиялық процесі жеткілікті деңгейде жүргізілмейді. Станцияларға тән кемшіліктер – мамандардың білім деңгейінің төмендігі, кейбірінде штат жеткіліксіздігі, құжаттаманы

дұрыс толтырмау, шпалдардың шашылып жататыны, сынған башмақты пайдалану, еңбек қорғау шараларының сақталмауы, өрт қауіпсіздігі, яғни ғимарат пен станция аумағында өрт гидранттарының жоқтығы, жұмысшыларға санитарлық-тұрмыстық жағдай жасалмауы, т.б.

Вагон пайдалану депосында қозғалыс қауіпсіздігін анықтауға бағытталған ұйымдастыру-техникалық шаралары тиімді пайдаланылмайды. Басқару-нұсқаушы құрам жұмысы қадағаланбайды, технологиялық процеспен жеткілікті деңгейде және техникалық қызмет көрсетуге берілетін уақыт нормалары сақтала бермейді, талқылау актілері мен хаттамалары жоқ. Басшылық тарапынан нұсқаушылардың вагон паркін сақтау бойынша жұмысы қадағаланбайды. Жөндеу пункттері де қосалқы бөлшектермен толықтай қамтылмай отыр, ал ол вагондарға қызмет көрсету мен жөндеуде үлкен кемшілік туғызады, қозғалыс қауіпсіздігіне нұқсан келеді. Мәселен, тексеріс кезіндегі 13 пойыздың 72 вагонынан ақау табылып, 16 вагон ағымдағы жөндеуге ағытылған, 5 вагон қайта жөндеуге жіберілген. Жолаушылар тасымалы шаруашылығында



да жолаушылар вагондарына ТО-1, ТО-2 техникалық қызмет көрсету лайықты жүргізілмейді, техникалық сабақтау да дұрыс өтпейді. Вагон қараушылар вагондарға техникалық қызмет көрсету кезінде кемшіліктерді анықтап, олқылықты жоймайды. Соның ішінде жетегіш пен жүру бөлшектеріне жеткілікті мән берілмей қалады. Нәтижесінде тексеріс барысында Атырау станциясының 4-ші жолында тұрған 2 вагон қайта жөндеуге жіберілген.

Локомотив шаруашылығы бойынша Мақат және Атырау деполарында көптеген кемшілік анықталған. «Атап айтқанда, машинист-нұсқаушылармен локомотив бригадалары құрамымен төрбелік-алдын алу жұмыстары жеткілікті деңгейде жүргізілмейді,

машинист жұмысын бақылау төмен, қозғалыс қауіпсіздігін сақтау бойынша кешенді ұйымдастыру және техникалық шаралар жүзеге асырылмайды. Локомотив деполарының басшылары мен орта буындары, нұсқаушылар тарапынан өздеріне қарасты мәселелер бойынша қажетті шешім алынбайды. Көктемгі тексерістен қалған кейбір кемшіліктер әлі күнге түзетілмеген. Жұмыс технологиясын жүргізу, қозғалыс қауіпсіздігін сақтау мақсатында ұйымдастырушылық және техникалық шаралар алу, цехтар мен учаскелерді тексеру, локомотивті жөндеу сапасын қадағалау, техникалық қызметінен кейін локомотивтердің жағдайын тексеру, т.б. мәселелер кемшің, локомотив бригадаларының демалысы дұрыс ұйымдастырылмайды және

тиісті демалыс күні берілмейді. Локомотив бригадаларының техникалық сабағын өткізу сапасы қанағаттанғысыз, көрнекі құралдар жоқтың қасы. Өндірістік және оқыту жұмыстарын ұйымдастыру төмен. Нәтижесінде Мақатта – 4, Атырау депосында 3 тепловоз қолданыстан алынған», – деді Ж.Көбеев.

Мақат сервистік орталығында да техникалық қызмет көрсету, қосалқы бөлшекпен қамтамасыз ету және еңбек қорғау талаптарын сақтауда кемшіліктер кездескен. Негізгі құралдар бойынша қосалқы бөлшектер жетіспейді, жылдамдық өлшегішті жөндеу ұзағырақ уақыт алып, нәтижесінде локомотивті жөндеуден мерзімінде шығаруға кедергі болады.

Жол шаруашылығы бойынша 401 кемшілік анықталып, 53 тыйым салу шарасы қолданған. Ол кемшіліктер жол шеберлері мен бригадирлердің өз міндеттеріне салғырт қарағандығы және дистанция басшыларының қозғалыс қауіпсіздігін сақтауда жеке қатысу нормативтерін орындамауына туындаған. Жолдың үстіңгі қабаттының техникалық жағдайы төмен. Жолдар мен бұрмалардың жағдайы жеткілікті бақыланбайды. Бағыттағамалы бұрмалардың ұштары желінген, майысқан, жолдың арақашықтығы үнемі қадағаланбайды. ПЧ-9 бойынша Атырау, Махамбет, Ақжайық станциялары мен Атырау – Мақат учаскесінде тыйым салу шаралары алынған тұстар көп, кей жерлер 10 м-ге отырып кеткен. Ақжайық станциясында 10 бұрма, 1 жол жабылған. Баяндамашының айтуынша, жолдарда мал басу деректері де азаймай тұр. Әсіресе Атырау – Ганюшкино учаскесінің

Сазанқұрақ, Нарын, №11, №14 разъездерде мал басу оқиғасы көп кездескен.

Атырау, Ақжайық, Құлсары белгі беру және байланыс дистанцияларында да технологиялық процесс кестесі сақталмайды, құрылғыларды тексеру, жөндеу жұмыстары тиісті деңгейде жүргізілмейді, барлығы 214 кемшілік табылған. СОБ, байланыс, радио цехтарын, ЖАТис құрылғысын қадағалау тиісті деңгейде қамтамасыз етілмейді. Кейбір құрылғылар тозып, мерзімі өтіп кеткен, сол себепті 8 прибор қолданыстан алынып, оқшауланған 1 участок өшірілген. Электрмен қамту дистанциясы бойынша да жылдағы кемшіліктер қайталануда, жоспарлы жұмыстар, аудандық цех жұмыстары жеткілікті қадағаланбайды, оларды уақытында түзеп отыруға бақылау, құрылғыларды технологиялық процесс талаптарына сай тексеру өз деңгейінде болмайды. Барлығы 88 кемшілік анықталған. Өрт қауіпсіздігі бойынша 3 оқиға орын алған, мұнда да тиісті талаптар сақтала бермейді.

Жиын соңында тексеру комиссиясының төрағасы, Атырау жүк тасымалы бөлімшесінің бастығы Аслан Базарғалиев, кемшіліктердің көбі әркімнің өз жұмысына салғырт қарауынан деген қорығандыға келгенін атап өтті. «Егер әр маман өз жұмысына жауапкершілікпен қараса, кемшілік те аз болар еді, алайда іс жүзінде олай болмай шығады. Сондықтан ең алдымен өзімізге өзіміз талапты күшейтіп, әр маман, әр басшы жауапкершілікті күшейтуі тиіс» деді ол. Жиын қорытындысында аталған кемшіліктерді жоюға қатысты қатаң шешімдер қабылданды.

Суретті түсірген автор

Безопасность

ПОВЫШАЮТ НАДЕЖНОСТЬ НА СТАЛЬНОЙ МАГИСТРАЛИ

В целях реализации решений Координационного совета по обеспечению законности, правопорядка и борьбы с преступностью на транспорте и в рамках исполнения мероприятий Дорожной карты по повышению безопасности и сохранности имущества на железных дорогах Республики Казахстан на объектах железнодорожной инфраструктуры группы компаний АО «НК «КТЖ» проходит месячник по усилению безопасности перевозочного процесса и сохранности перевозимых грузов.

Айлин БАУРЖАН,
Астана

Мероприятие проводится с 14 октября по 14 ноября 2025 года во исполнение распоряжения заместителя председателя правления АО «НК «КТЖ» Мурата Торегельдина № 235-ЦЗР от 10 октября 2025 года.

Цель месячника – предотвращение хищений, проникновения посторонних лиц на объекты железнодорожного транспорта, незаконного проезда людей в грузовых составах, а также усиление контроля за соблюдением пропускного и внутриобъектового режима. В Павлодарском филиале ТОО «ВЖД» мероприятия проводятся на должном уровне. За



первые две недели стрелковыми командами на станциях Аксу, Екибастуз, Павлодар, группой МГОР и административным персоналом филиала проведено 99 рейдовых проверок. В ходе рейдов 43 гражданина

задержаны за незаконный проход по железнодорожным путям и переданы для привлечения к административной ответственности по статье 559 части 5 Кодекса об административных правонарушениях Республики Казахстан.

Кроме того, в ходе профилактической работы установлены собственники домашнего скота, находившегося вблизи железнодорожных путей и ставшего причиной экстренных торможений поездов. Нарушители привлечены к административной ответственности по статье 559 части 1 КоАП РК.

Сотрудники Павлодарского филиала также проводят разъяснительную работу в коллективах железнодорожного транспорта, учебных заведениях и населенных пунктах, обращая внимание граждан на необходимость соблюдения правил безопасности и бережного отношения к объектам железнодорожной инфраструктуры.

Фото автора

СОХРАННОСТЬ ГРУЗА В ПРИОРИТЕТЕ

Карагандинский филиал ТОО «Военизированная железнодорожная охрана» (ВЖДО) эффективно выполняет задачи по охране объектов железнодорожного транспорта и грузов, перевозимых по железной дороге, протяженность участка составляет 2 137,3 километра.

Светлана МОГАЙ,
Караганда

По словам директора филиала Совета Жумашева, за 9 месяцев текущего года наблюдается рост количества поездов и вагонов, предъявленных под охрану, на 8% по сравнению с аналогичным периодом прошлого года.

– Особенно заметен рост на участке Саяк – Караганда, что связано с увеличением транзитных контейнерных поездов, следующих по кратчайшему маршруту из Китая в Европу, – поясняет он. – Учитывая стратегическую важность маршрута КНР – Европа, сотрудники филиала принимают все необходимые меры для обеспечения сохранности грузов.

Совместно с ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» была разработана технология взаимодействия всех служб, задействованных в перевозочном процессе. В ней пошагово описаны действия каждого работника при прибытии контейнерных составов, а также меры по обеспечению безопасности в пути, включая

действия в случае внеплановых остановок на неохраняемых участках.

– В рамках реализации плана мероприятий на 2025 год по всей территории Казахстана с 24 сентября по 24 октября был проведен месячник «Качественный прием к перевозке грузов: цветные металлы, ферросплавы и сопровождение – залог сохранности и безопасности движения поездов», – продолжает Совет Жумашев. – В соответствии с Дорожной картой по повышению безопасности и сохранности имущества на железных дорогах Республики Казахстан на 2025-2027 годы, утвержденной министрами внутренних дел и транспорта, с 14 октября по 14 ноября проводится месячник по усилению безопасности перевозочного процесса. Кроме того, с 19 сентября по 19 ноября 2025 года объявлен двухмесячник «Соблюдай технологический процесс – сохраняй жизнь». Основная цель двухмесячника – повышение уровня производственной безопасности и дисциплины. Мы акцентируем внимание на соблюдении тех-



нологических процессов, чтобы предотвратить несчастные случаи и сохранить здоровье сотрудников.

В рамках проводимых мероприятий всего проведено 122 рейдовых мероприятия, в ходе которых задержаны 52 человека за проход в неустановленных местах. Все нарушители привлечены к административной ответственности. На постоянной основе проводятся беседы в школах с нашими маленькими гражданами большой республики.

Продолжается работа по улучшению санитарно-бытовых условий, обеспечению необходимым оборудованием и повышению уровня инфор-

мированности сотрудников. Также ведется работа с перевозчиками, чтобы с самого начала они усвоили культуру безопасности.

Помимо охранной деятельности, Карагандинский филиал ТОО «ВЖДО» активно участвует в экологических инициативах. В рамках республиканской акции «Таза Қазақстан» сотрудники филиала высадили 720 саженцев.

Таким образом, Карагандинский филиал ТОО «ВЖДО» продолжает уверенно выполнять свои задачи, сочетая обеспечение безопасности с социальной и экологической ответственностью.

Фото автора

АКТИВНАЯ РАБОТА ВЕТЕРАНОВ



Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматы

Участники заслушали отчет председателя совета Дуана Умарова за период 2022-2025 годов и отметили, что проведена значительная работа по поддержке пенсионеров и развитию ветеранского движения.

В настоящее время на учете в совете состоят 4 435 пенсионеров, 128 участников трудового фронта, одна блокадница Ленинграда, восемь ветеранов-афганцев и два участника ликвидации аварии на Чернобыльской АЭС.



Ветеранам оказывалась адресная материальная помощь, оплачивались протезирование, ритуальные услуги и путевки на санаторно-курортное лечение.

За отчетный период проведено 92 мероприятия. Среди них – установка мемориальной доски в честь Кудайбергенов Кобжасарова, встречи ветеранов с молодежью в колледжах

и вузах, акции к 80-летию Победы. В Центральном музее железнодорожного транспорта РК состоялся час памяти героев Великой Отечественной войны.

Особое внимание уделено поддержке ветеранов-афганцев и участников трудового фронта. Им оказана помощь на общую сумму более 740 тысяч тенге. Созданы новые первичные ветеранские организации на станциях Уштобе, Матай, Капчагай, Чомолган и Жетыген. На встрече говорилось, что активно работает Совет ветеранов в лице Шалабая Джанталякова, Людмилы Сенькиной, Людмилы Кравченко, Даулета Казбекова, Богенбая Жасыбая, Анарбека Рымбетова и Лидии Гизатулиной.

Работа Совета ветеранов признана удовлетворительной. Делегаты поручили новому составу активизировать адресную помощь и продолжить традиции патриотического воспитания.

Председателем регионального Совета ветеранов единогласно избран Дуан Умаров.

Фото автора

НА ВСТРЕЧУ БУДУЩЕМУ

Руслан РАХМЕТОВ,
Алматы



В Алматы состоялась выездная встреча молодых специалистов портфельных компаний группы «Самрук-Қазына». В центре внимания – развитие молодежной политики и укрепление взаимодействия между представителями компаний, в том числе АО «НК «КТЖ».



По инициативе Совета молодежи АО «Самрук-Қазына» и при поддержке руководства фонда в Алматы прошла выездная встреча с молодыми специалистами портфельных компаний, входящих в группу «Самрук-Қазына». Мероприятие состоялось на площадке Алматинского колледжа транспорта и коммуникаций.

Цель встречи – развитие взаимодействия между молодыми сотрудниками компаний группы, обмен опытом и идеями, обсуждение действующих и предстоящих молодежных инициатив.

АО «НК «КТЖ» на встрече представил менеджер департамента социальной политики компании и заместитель председателя Совета молодежи АО «Самрук-Қазына» Жаксылык Мулдакулов. В своем выступлении он рассказал о реализации молодежной политики в АО «НК «Қазақстан темір жолы» и участии железнодорожников в проектах фонда.

– Молодежь КТЖ – активная, инициативная и ответственная. Мы видим, что ребята готовы предлагать идеи, развивать корпоративные ценности и быть частью общих изменений, – отметил Жаксылык Мулдакулов.

Во встрече приняли участие молодые сотрудники АО «Казахтелеком», АО «НК «Қазақгаз», АО «Казпочта», АО «Алатау Жарық Компаниясы», АО «Алматинские электрические станции» и других компаний. Всего собралось около 100 участников, среди которых 25-30 – молодые железнодорожники.

Организаторами выступили Совет молодежи фонда и его региональные представители: менеджер Центра социального взаимодействия и коммуникаций Айжаркын Базенова, председатель Совета молодежи по городу Алматы Перизат Наби (АО «Алатау Жарық Компаниясы») и председатель Совета молодежи АО «Казпочта» Мәжит Мағжан.

Участники отметили, что формат живого общения позволил наладить новые связи, обменяться опытом и лучше понять корпоративную культуру других компаний группы.

До конца года планируется проведение аналогичных встреч в Караганде и Павлодаре.

Фото автора

СКОТ ПОД КОНТРОЛЬ!

Аслан КУДАБАЕВ,
Костанай



В Костанайском регионе начался очередной осенне-зимний период профилактических мероприятий, направленных на предотвращение выхода бродячего скота на железнодорожные пути.

Как отмечают специалисты, в холодное время года работа по недопущению таких случаев становится особенно сложной. Несмотря на принимаемые меры, количество фактов выхода скота на пути остается высоким.

По словам ведущего инженера отдела пути Костанайского отделения магистральной сети Асхата Абишева, бесхозные животные – одна из главных проблем на железной дороге зимой.

– Брошенные без присмотра коровы, лошади, овцы заходят на железнодорожное полотно и создают аварийные ситуации. В большинстве случаев владельцы скота относятся к его содержанию безответственно. Наша задача – донести до них всю серьезность проблемы, – подчеркнул он.

Для предотвращения инцидентов работники отдела пути проводят профилактические рейды, обходят владельцев скота, разъясняют им нормы законодательства и предупреждают о возможных последствиях нарушения правил. Скотовладельцам вручаются выписки из Кодекса о недопустимости выпаса скота вблизи железной дороги.

Кроме того, железнодорожники совместно с сотрудниками ЛОВД регулярно обследуют участки вдоль магистрали, а путевые обходчики при осмотре путей отгоняют домашних животных, приближающихся к железнодорожному полотну.

ВЕРНОСТЬ ДЕЛУ И ЛЮДЯМ

В филиале АО «НК «КТЖ» – «Многофункциональный центр обслуживания» торжественно проводили на заслуженный отдых одного из самых опытных и преданных своему делу сотрудников – главного менеджера группы по реструктуризации трудовых ресурсов Карлыгаш Шаяхметову.

Карлыгаш Жумабаевна из династии железнодорожников, общий стаж которой превышает 385 лет. На стальной магистрали работал ее прадед Бекмагамбет, дедушка Шаяхмет Бекмагамбетов, родители и другие близкие родственники. Детство будущей железнодорожницы прошло под стук колес проходящих поездов на станции Жана-Арка в Карагандинском регионе. И когда пришло время определяться с профессией, сомнений не было – она продолжила дело своих родных.

Путь на железной дороге Карлыгаш Жумабаевна начала в 1996 году с должности лаборанта локомотивного депо Жана-Арка. Для оценки состояния двигателя она взбиралась на локомотивы, отбирая на анализ образцы дизтоплива, отработанного масла, воды. Вскоре сфера ее забот сменилась: вместо двигателей локомотивов – люди.

Вся дальнейшая трудовая деятельность Карлыгаш Шаяхметовой была тесно связана с кадровой работой. В период передислокации компании в Астану она формировала кадры в АО «Пассажирские перевозки», аналогичную работу с нуля проводила в Дирекции магистральной сети, в разные годы руководила департаментом кадрового администрирования в АО «Казтеміртранс», работала в ВЖД, но основная часть ее биографии пришлась на Цкадр.

В эту систему Карлыгаш Жумабаевну пригласили в 2000 году. В тот период формировали новые виды отчетности, инструкции и другие важные нормативные документы. Первой серьезной разработкой Карлыгаш Шаях-

метовой стала инструкция по кадровому делопроизводству, которую внедрили в КТЖ, а впоследствии на других предприятиях Казахстана. А последней большой работой – внедрение в КТЖ совместно с Минтруда и страховыми компаниями специальных социальных выплат для работников, занятых на вредных условиях труда, по достижении 55-летнего возраста. На счету Карлыгаш Жумабаевны несметное количество нормативных документов. Даже в день проводов на заслуженный отдых неутомимая труженица успела подписать положение по комиссии занятости. Оглядываясь назад, она с благодарностью и теплотой вспоминает каждую должность и коллег, с которыми трудились бок о бок много лет. А на вопрос, не устала ли за годы работы с людьми, эмоционально восклицает:

– Конечно же нет! Люди – это самый большой капитал и ценность, которые есть на земле. А мы, кадры, – лицо компании. То, как ты встретишь, как примешь человека, оставит след на всю его жизнь и отразится на общем деле. Поэтому я всегда говорила своим ученикам и коллегам: как бы ни складывался день, наше настроение не должно отражаться на работе, – делится Карлыгаш Жумабаевна. – Умение понять, терпение, выдержка, ответственность, добросовестность и человеколюбие – качества, необходимые в нашей профессии.

Профессионализм Карлыгаш Шаяхметовой, преданность выбранному делу отмечены множеством наград. В том числе нагрудным знаком «Адал еңбегі үшін», званием «Үздік маман»,

медалью «Теміржол Данқы» I степени, почетными грамотами и благодарственными письмами.

Проводить железнодорожницу на заслуженный отдых пришли представители разных служб – коллеги из HR-блока компании, ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки», АО «Пассажирские перевозки», ТОО «ВЖД», Дирекции магистральной сети, департамента социальной политики и других.

Руководитель аппарата АО «НК «Казахстан темір жолы» Ерлан Амандыков вручил Карлыгаш Шаяхметовой благодарственное письмо, отметив, что ее глубокие знания, неравнодушие, дисциплина и выдержка служат примером для молодых коллег. Зачитали во время торжественной церемонии и благодарственный адрес от руководителя ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» Асана Умбетова. Слова признательности и восхищения выразили коллеги и ученики Карлыгаш Жумабаевны.

От души благодарю за добрые слова и признание моего труда. Конечно, будет не хватать любимой работы и замечательных коллег, с которыми судьба свела меня за эти годы. С гордостью могу сказать, что ни разу не пожалела о своем выборе, – поделилась эмоциями виновница торжества.

Свободное время Карлыгаш Жумабаевна планирует посвящать любимым внукам. К слову, продолжателем династии железнодорожников стала ее дочь, на стальной магистрали также трудятся брат, сноха, сестра и другие близкие.

Любовь РОВБА
Фото автора

МАҚСАТ – ПЕРСОНАЛДЫ ДАМУ

КТЖ-да Адами ресустарды басқару департаментінің ұйымдастыруымен «Мамандық көшбасшылары» корпоративтік даму бағдарламасы бойынша ІІІ модульдік оқыту басталды.



100 адамды қамтитын оқыту бағдарламасы 5 күнге созылады. Алғашқы күні қатысушыларға «Үнемді өндіріс» тақырыбында сабақ өткізілді. Ал екінші күні жасанды интеллект, адам құқықтары және сан алуандық қағидадары, гендерлік теңдік және зорлық-зомбылыққа қарсы тұру тақырыптарында дәрістер мен тренингтер өткізілді.

Үшінші күнгі сабақ «Күрделі келіссөздерді жүргізу» тақырыбына арналады. Төртінші күнде

«Ойлау дизайны» тақырыбы қозғалып, соңғы күні қатысып жатқан барлық 9 команда өз жобаларының таныстырылымын өткізіп, көтерген тақырыптарын қорғайды.

2022-2024 жылдары компания өндірістік қауіпсіздікті және жеке іскерлік қасиеттерді арттыруға бағытталған корпоративтік бағдарлама бойынша өңірлік және жерлік деңгейдегі 700-ге жуық қызметкерді оқытты. Олардың арасынан анағұрлым белсенді ма-

БІЛІКТІ БАС ИНЖЕНЕРГЕ ҚҰРМЕТ

Қызылорда жол дистанциясының ұжымы жылдар бойы теміржол саласында еңбек етіп, бар білімі мен тәжірибесін жас мамандарға үйретіп, оқытудан жалықпаған қадірлі әріптес – бас инженер Ақылбек Әбілдаевты құрметті зейнет демалысына шығарып салды.

Теміржолшылар отбасында туып-өскен оның қатардағы жолшы болып бастаған еңбек жолы жылдар өте биік белестер мен үлкен жауапкершілікке жетеледі. Талай сындарлы жылдардың жүгін көтере жүріп, дистанцияның бас инженері дәрежесіне дейін өсті. Ол туралы әріптестері: «Ол дистанцияның ғана емес, «жолдың бас инженері» десек те болады. Себебі ол әрбір рельс, әрбір шпалдың жағдайын көзін жұмып тұрып айтып беретін білім мен қабілетке ие. Қай тәлімде күрделі жөндеу, қай учаскеде ағымдық күтім қажет екенін шешетін де сол. Ол дистанцияның нағыз білім мен ақыл көзі болды», – дейді.

Су жаңа зейнеткердің өзі де толқынысын жасырмады. «Бұл ұжым – менің екінші отбасым. Біз бірге талай қиындықты еңсердік, талай жетістікке жеттік. Темір жол менің өмірімнің мәні болды, ал сендер – сол өмірімдегі ең қымбаттымсыңдар. Баріңе рақмет!», – деген сөзін ду қол шапалақпен қарс алған ұжымдастар Ақылбек Раушанбекұлына деген шынайы құрмет пен алғыстарын білдірді.



– Ақылбек Әбілдаев есімі адал еңбектің, жауапкершіліктің, темірдей тәртіптің және адамдықтың символына айналған. Біз оны тек Ақыл деп атаймыз. Сол ат оған жарасатын және атына заты сай болды. Сабырлы, парасатты, кез келген күрделі жағдайдың шешімін ақылмен тауып, ұжымға жол сілтеп отыратын темірқазықтай тұнға болатын. Ақылбек Раушанбекұлын зейнетке шығарып салып, біздің ұжым құнды байлығын жоғалтқандай күй кешері анық. Шынын айтқанда, істің тетігін білетін, бағалы кадрдан ешкімнің айырылғысы келмейді. Сол себепті біз оны зейнетке шығарумен қатар, ардагерлер кеңесінің төрағалығына сайладық. Өйткені оның тәжірибесі мен ақылы әлі де бізге қажет», – деді ұжымның кәсіподақ жетекшісі Ғалия Ноғайбаева.

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ, Қызылорда
Суретті түсірген автор

СЕГОДНЯ ПРОИГРАВШИХ НЕТ



Илецкие железнодорожники провели шахматный турнир и соревнования по мини-футболу. Свои спортивные достижения они посвятили Дню Республики и 120-летию профсоюзного движения железнодорожников Казахстана.



Организовали спортивные мероприятия председатели профсоюзных комитетов филиала Илецкого железнодорожного узла Ермек Шалабаев и филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Илецк» Комар Сангаков при непосредственном участии инструктора по спорту Илецкого узла Мадихана Жартыбаева.

Шахматный турнир среди работников Илецкого железнодорожного узла по традиции собрал любителей шахмат самых разных возрастов и подготовки, но все партии проходили неизменно с большим энтузиазмом. Сильную игру показали инженер-технолог Илецкого локомотивного депо Ермек Саркулов, ставший победителем турнира, второе место занял осмотрщик-ремонтник вагонов ПТТО Илецк Орынбасар Байчеркесов, а третье – пожарный Илецкого отряда негосударственной противопожарной службы

Бахчан Кутлюк (ШП).

В турнире по мини-футболу за призовые места боролись команды структурных подразделений филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Илецк» – станции Илецк (ДС), Илецкого локомотивного депо (ТЧ), пункта технического обслуживания вагонов станции Илецк (ПТО), Илецкой дистанции сигнализации и связи (ШЧ), Илецкой дистанции пути (ПЧ), а также приглашенная футбольная команда «Ветеран». Во время соревнований болельщики наблюдали с переживания- ми за ходом игр, подбадривали свои команды. В итоге победителем турнира стала команда ПТТО Илецк, на втором месте – команда ШЧ, а на третьем – команда станции Илецк. Призерам вручены грамоты и памятные подарки.

Яна ЛЕНИНА, Илецк
Фото автора



ГОД РАБОЧИХ ПРОФЕССИЙ

Осмотрщики вагонов ПТО станции Оскемен-1 Асылжана Ардабаева и Даурена Енсебаева представили к поощрению за предотвращение нештатных ситуаций, связанных с дефектами автосцепных устройств.

При техническом обслуживании грузового поезда 17 октября Асылжан Ардабаев обнаружил в автосцепке одного из вагонов трещину большого зуба – одного из ключевых элементов, который воспринимает основную тяговую нагрузку между вагонами. Подобный дефект может привести к



саморасцепу и аварийной остановке поезда. Асылжан Ардабаев – опытный работник Оскеменского эксплуатационного вагонного депо (ВЧД-24). За годы работы он неоднократно выявлял скрытые неисправности в

ЖАС ӨНЕРТАПҚЫШТАР ЖОБАСЫ

Астаналық оқушылардың өнертабысы теміржол қауіпсіздігін күшейтіп, төтенше жағдайдың алдын алуға сеп болуы мүмкін. Жас өнертапқыштардың жобасын сала мамандары оң бағалап отыр.

Пойызбен жүрген әр жолаушы рельс түйіскен сәттегі соққы дыбысын жақсы біледі. Бірақ оның салдары жайлы екінің бірі біле бермеуі мүмкін. Мәселен, сол соққының әсері темір жолдың тез тозуына, тіпті пойыз қозғалысы кезінде апаттық жағдайлардың туындауына да соқтыруы мүмкін. Осы қауіпті сейілту мақсатында астаналық 11 сынып оқушылары жаңа жоба ойлап тапты. Ол соққыны азайтып, рельстердің беріктігін бұрынғыдан да жақсартуға мүмкіндік береді. Жоба

авторы – Дінмұхамед Матай мен Әмір Жәнібек.

– Біз Алматыға робототехника бойынша олимпиадаға барған жолда пойыз дөңгелектерінің рельс түйіскен жерлерінен шыққан дыбысқа мән бердік. Сол кезде бұл өте қызық көрініп, дыбыстың неден шығатынын зерттей бастадық. Зерттеу барысында барлық рельстерді ауыстыру мүмкін емес, сондықтан олардың арасына емес, найы байланыстырғыш бөлшек орнатуды ойлап таптық», – дейді жоба авторы Әмір Жәнібек.

Екінші автор Дінмұхамед Матайдың айтуынша, жобаның бірінші артықшылығы – жолаушылар қауіпсіздігін арттыру, екіншісі – шу деңгейін төмендету, ал үшіншісі – деформацияның азаюы.

Жасөспірімдердің «Теміржол рельстерін қосудың инновациялық технологиялары» атты жобасы қазақстандық патентке ие болды. Енді ол Женевадағы халықаралық тіркеуге жолданды.

Инженерлік тұрғыдан өзекті жоба келешекте көдеге жарауы мүмкін. Оқушылардың өнертабысымен сарапшылар танысып, ҚТЖ мамандары назар аударып, Магистралдық желі дирекциясының басшылығы инженерлік тәсілді жоғары бағалап, жобаны



дамытуға қолдау көрсетуге дайын екенін білдірді. Қол жеткізілген келісімдер аясында «КТЖ» жобаны жетілдіру үшін қажетті матералдарды ұсынатын болады. Жол және құрылыстар департаменті тарапынан жобаны іске асыру кезінде оларды үйлестіретін тәлімгер бекітілді.

Ұлан ОРАЗ
Суретті түсірген
Александр ЖАБЧУК

 ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ  КАЗКӨЛІККӘСІП Бас редактор Дина Муздубаева Бас редактордың орынбасары Меруерт Өмірзақова	Редакцияның мекен-жайы: Астана қ., Д.Қонаев көшесі 6. тел: 8 (7172) 60-44-87, 60-44-88, 60-44-92 Басылымның таралымы 11 415 Газет сейсенбі, жұма күндері шығады. Жауапты хатшы Ерболат Тілеубергенов, тел.: +7 702 5795768 Кезекші редакторлар: Р. Рахметов, С. Бакесова	Газет шығару және тарату қызметімен «Қазақстандық салалық теміржол, автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады. © «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өзгеше басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.	Меншікті тілшілер: Алматы: Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80 Атырау: Қосыйым Мұқашев 8-778-946-09-66 Ақтөбе: Ардақ Ерубаева 8-702-843-27-97 Шығыс Қазақстан: Ольга Ушакова 8-777-203-51-87 Семей: Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53 Маңғыстау: Шахидә Жұманова 8-707-886-72-45 Орал: Анна Панищева 8-707-910-74-17 Қызылорда: Сабырхан Нәдірбаев 8-778-409-78-59 Жамбыл: Ардақ Сейінова 8-777-667-26-20 Шымкент: Нұрлыбек Досыбай 87025480092 Қарағанды: Светлана Могай 8-777-893-66-76 Қостанай: Аслан Құдабаев 8-705-267-44-00 Павлодар: Айдана Ертай 8-777-498-31-61	Газет басылатын қалалар: Астана, Сілеті 30 «Медиа-холдинг» «ERNUR» ЖШС Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2. «Хабар-Сервис» ЖШС Шымкент, Әлімқұлов көш., 22. «ERNUR Print» ЖШС Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың 30 шілдесінде № 601 тіркеу куәлігі берілді.
--	---	--	--	--